



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№43 (105) 24 қазан 2025 жыл

25 ҚАЗАН-РЕСПУБЛИКА КҮНІ

КӨК БАЙРАҒЫМЫЗ БИІКТЕ ЖЕЛБІРЕСІН!

Ардақты аға ұрпақ өкілдері!

Баршаңызды 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Республика күні – еліміздің тәуелсіздікке бастар жолындағы алғашқы тарихи қадамы, егемен ел ретінде қалыптасудың жаңа дәуірі. Өйткені, осыдан 35 жыл бұрын яғни 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы-еліміздің тарихындағы ұлы белес болды. Сондықтан да бұл күн-қазақ халқының ғасырлар бойғы арманының орындалған сәтін еске түсіретін айрықша мереке. Республика күні – елдік пен бірліктің, татулық пен тұрақтылықтың мейрамы.

Сонау 1990 жылдан бері Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің ордасы болып, әлемге өз үнін танытқан, экономикасы дамып, мәде-

ниеті өркендеген мемлекетке айналды. Егеменді еліміздің осындай жетістікке жетуі Ел Президентінің сындарлы саясатының, халықтың бірлігінің жемісі десек, бұл жерде аға ұрпақ өкілдерінің де зор үлесі бар. Ардагерлер қауымы этнос өкілдері арасындағы татулықты сақтау, жастар бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ел бірлігін бекемдеу, ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу бағытында ұдайы жұмыс жүргізіп, белсенділік танытуда. Мұндай жұмыстар әлі де жалғасын табатын болады.

Ардақты ағайын! Мерекемен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, амандық, бейбіт өмір тілеймін! Еңбектеріңіз табысты болсын!

Еліміздің көк байрағы биікте желбіреп, бүкіл әлемге бейбітшілік пен достықты, бірлік пен ынтымақты паш етсін!

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қарттарымыз әлі қатарда

Еңбекшіқазақ ауданы

Шелек ауылдық ардагерлер ұйымы ҚР Президентінің Жолдауы мен ҚР Ардагерлер ұйымының қаулысына сәйкес «Жанашырлық пен іскерлікті дамыту» жөнінде айтылған нұсқауларды орындау мақсатында арнайы отырыс ұйымдастырып, осы мәселе сол отырыста қаралды.

Зейнетке шыққандардың кемінде 20-30 пайыздары әлі де жұмыстан қол үзбей өз кәсіптерін жалғастырып, өз тәжірибелерін жастарға үйретіп жүргені анық. Айталық, Шелектегі нөмір екінші ауруханада Валентина Николаевна Украинцова зейнетке шыққанына он жылға таяу болса да, өзі білгір терапевт, күндізгі стационардың меңгерушісі болып жемісті, абыройлы қызметін



аткарып, құрметке бөленіп келеді. Сол сияқты Бағашар Құсайынов көрия бұрын кеңшарда озат орманшылардың бірі болған. Қазір жасы 88-ге таяса да ата кәсібінен қол үзген жоқ. Шаруа қожалығының төрағасы, қойын бағып, отардан отар бөлген еңбеккер жан. Жұбайы-батыр ана. Ұлы Нұрлан да мал шаруашылығына жақындау. Әке кәсібін жалғастырып, әкесі бөліп берген бір отар қойды бағып, өнеге көрсетіп жүр. Әкелі-балалы екеуінің де қолы ашық. Тұрмысы төмен отбасыларға материалдық көмек көрсетіп, ауылдағы қоғамдық шараларға да белсене қатысады.

Ауылда айта берсек олар сияқты зейнеткерлер баршылық. Іскерлік демекші, Қағазбаев Рақымжан-үлгілі ұстаз, саусағы жүйрік күйші. Ұлын да өзі сияқты он сауағынан күй ағытқан күйші етіп тәрбиелеп шығарды. Рекең мәдениет үйінде «Ай әжелер» ансамбліне басшылық жасайды. Одан тысқары үйірме ашып, жас буынға күйшілік өнерді үйретіп, іскерлік танытып жүр.

Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Басқа да зейнеткерлер ауылдағы ардагерлер ұйымының бастамасымен облыста алғашқылардың бірі болып ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына» барып, ондағы шараларға қатысып, белсенділік танытып жүр. Бір ауыз сөзбен айтсам, қарттарымыз әлі қатарда.

Кездесу болып өтті

Шелек ауылдық ардагерлер ұйымы ҚР халықтары Ассамблеясының 30 жылдығына орай өлке тану музейінде «Бірлігі жарасқан ел» тақырыбында әңгіме кездесу өткізді.

Оған «Алатау жастары» аудандық филиалының жастары мен ардагерлер қатысты. Бас қосуда ардагерлер ұйымының төрағасы Ә.Айтақынов пен «Алатау жастары» аудандық филиалының төрайымы Жаннұр Ибрайымова және тағы басқалар сөз сөйледі. Жиын соңынан өнерпаз жастар, оқушылар ән айтып, би билеп, кездесуді көңілді кешке ұластырды.

Ә.АЙТАҚЫНОВ.

Жаңа ғимарат есігін ашты

Ұйғыр ауданы.

Аудан орталығы Шонжы ауылында халыққа қызмет көрсету бағытталған «Халыққа арналған цифрлық кеңсе» ғимаратының тұсауы кесілді.

Аудан әкімі Б.Серікқызы құттықтау сөзге шығып, жиналғандарды заманауи салынған кеңсенің ашылуымен құттықтап, халыққа қызмет көрсететін сала мамандарының жұмыстарының жандануына барынша жағдай жасалғанын атап өтті. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы Алматы облысы бойынша филиалының директоры Т.Бектұрсынов, «АльТаир»құрылыс компаниясының өкілі Д.Жуковский, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсеитовтар жиналғандарды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, осында жұмыс істейтін әр маманның халыққа қалтқысыз қызмет етуін тіледі. Жаңа ғимараттың лентасы кылыып, жиналғандар кеңсенің ішін аралап, әр бөлімнің жұмысымен танысты.

Аудандық ардагерлер ұйымы.

АРДАГЕРЛЕРДІ ТАМСАНТҚАН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



Қонаев қалалық Жастар орталығында AI WEEK апталығы аясында Alatau Hub алаңында облыстық «Ауыл» партиясы қалалық ардагерлер ұйымымен бірлесе отырып, жасанды интеллектке арналған танымдық кездесу ұйымдастырды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жасанды интеллекті әлемдегі барлық елдің дамуына тікелей әсер етуде. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айнауда. Біз жасанды интеллект саласында бірқатар жетістікке қол жеткіздік, бірақ босаңсуға болмайды. Осы стратегиялық бағытта табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жұмысқа мен ең маңызды басымдықтың бірі ретінде қараймын» деген болатын.

«Бүгінгі кездесудің басты мақсаты – ардагерлерге жасанды интеллектіні қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндіріп, оның қоғам өміріндегі рөлі мен мүмкіндіктерін көрсету», – деді кездесуді кіріспе сөзбен ашқан Алматы облыстық «Ауыл» партиясы филиалының төрағасы Қанат Бекиев.

«Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорының Қонаев қаласындағы филиалының директоры Бексұлтан Нұрақын ChatGPT, Gemini, Gamma, Issai, Higgsfield. ai секілді кең таралған платформаларды та-

ныстырып, әрқайсының қолданылу аясы мен артықшылықтарын және ерекшеліктерін нақты мысалдармен көрсетті. Қатысушылар бір құралдың мәтінмен жұмысқа бейімділігін, екіншісінде бейнелер мен деректерді өңдеуде ыңғайлы екендігін тамашалады.

«AI WEEK – аймақтағы жаңа технологияларға деген қызығушылықты арттыруға, қоғамның цифрлық мәдениетін көтеруге бағытталған кең ауқымды бағдарлама. Өздеріңіз көргендей, жасанды интеллект – кез-келген нәрсеге қабілетті, болжамдардан бастап, кескіндерді жасауға дейін мүмкіндігі бар. Негізінен жасанды интеллект тәжірибе үшін маңызды. Себебі, ол мәселелерді ше-



бетінде қаншама тарихи есімдер, бүгінгі ардагерлердің тыныс тіршілігі жарық көріп келсін. Өмірден өткен ардагерлердің онегелі өмірі жайлы жазылады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы қыркүйек айындағы жолдауында:«Біз кешеге болғанымызды ұмытпаймыз. Тол тарихымызға құрметпен қараймыз. Ал келешекте кім болатынымыз тек қана өз қоламызда ескенін жақсы түсінсіміз» деген сәй.

Әрине, болашақ қандай болатынын біз білемсіз. Бірақ, болашақ ұрпақты ертеңгі күнге дайындау үшін бүгінгі ата – әжелер өз өмірімізді, дүниеден өтіп кеткен әке – шешелеріміздің үлгілі істерін жастарға үлгі ретінде газет бетіне жариялауымыз керек. Мен өзім «Жанымда жүр жақсы адам» деген рубрикада көп мақалалар жазамын.

Атақты ғұлама әл –Фараби бабамыз «Өткенді білмей, болашақты болжауға болмайды» деген пікір айтып кеткен. Өте дұрыс. Біздің өткен ғасырдағы істеген ісімізге қазіргі ұрпақ қызығып, үлгі алуы керек.

Облыстық «Алатау ардагері» газетіне жазылу бастады. Осы басылымға жазылуға бәріңізді шақырамын. Жылына бір рет жазылып қойсаңыздар апта сайын келетін газет – сізге рухани азық. Өзім осы газетті асыға күтсемін. Басылым көбейсе берсін! Жарпақ құлағы жастыққа тимей, еңбек сіңіп жүрген рсақияда ұжымына шығармашылық табыс тілеймін!

Газеттің тиражы көбейсе берсін! Ел аман, жұрт тыныш болсын!

Рая САРТҒОЛОВА,

Ұйғыр ауданының құрметті азаматы.

Менің асыға күтетін газетім

Газет – қоғамның жарышысы. Газет оқу – зиялылығымыздың белгісі. Ахмет Байтұрсынұовтың «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі бүгінде өз мәнін жойған жоқ.

Қазіргі таңда ақпарат алмасудың заманауи тәсілдері де көп. Қазіргі айтылған ақпарат көзді ашып – жұмғанша сол мезетте – ақ ғаламтор, түрлі сайттар мен әлеуметтік желілер арқылы әлемге тарап жатады. Бірақ газет оқу мәдениеті – қашан да талағмы жоғары оқырманның талабы. Шынайы ақпаратты, байыпты істі, нақты тұжырымды, тандалған тарихты газет бетінен көре аламыз. Секунда сайын жаңарып тұратын сайттардан газетті айышқытап тұратын негізгі басымдық – осы.

Қазіргі қоғамда «Дәстүрлі газет – журналдар «өледі». Оның орнына Интернет – ресурстары басады» деген пікір әркімді толғандырады. Мәселен, Жапон елінің ірі қаласы Токиода екі мыңнан астам газет-журнал шығады екен. Компьютер дамыған сол елде, газет пен журнал құрыса, құрыр, еді ғой. Жатпай – тұрмай газет, журнал шығаруға атсалысқан журналистердің саны аз.

Аудан ардагерлері «Алатау ардагері» газетін асыға күтеді. Облыс көлемінде болып жатқан оқиғалар мен үраістерді осы газет арқылы біліп отырамыз. Осы газетті шығаруға, оның дұрыс шығып, апта сайын оқырмандардың қолына тиістін жағын ойлаған газет жанашырларына, облыстық ардагерлер кеңесіне ардагерлердің алғысы шексіз. Газет

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, сажандылыққа,имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің тол басылымына қолдау көрсетеміз дескеніздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - **6371,52 теңге**

Алты айға жазылу бағасы - **3185,76 теңге**

Индексі- **65472**

Қазақстан – менің мақтанышым!

Өткен жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 25 қазан – Республика күні болып бекітілетіндігі туралы тиісті заңға қол қойып, 13 жылдан соң бұл мерекеміз қайта оралды.

Қазақстанның азаматы болған-дықтан менің әлі есімде 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларацияның қабылданғанын жақсы білемін. Міне, содан бері 35 жыл өте шықты. Сол кезде біз отбасымызбен қатты қуанған едік. Ұлтымыз басқа болса да біздің әулет еліміздің өз алдына шаңырақ құрып, тәуелсіз мемлекеттің көк байрағын көкке еркін самғатқанын әрдайым мақтаныш етеміз. Бұл күн-бүкіл қазақстандықтардың достығын, төзімділігін, жеткен жетістігін паш ететін маңызды мереке. Қазақтармен бірге көптеген этнос өкілдері Қазақ мемлекетінің экомикасын өркендетуге үлкен еңбек сіңіріп келеді.

Соның бірі-біздің Ушуровтар отбасы. Біздің ата-анамыз Қытайдан 1958 жылы көшіп келіп, Жетіген (бұрынғы Николаевка) ауылына қоныстаныпты. Ауыл тұрғындары оларды жатсынбай қарсы алды. Өкімет оларға үй, жұмыс бергенімен де, алғашында көрші-қолаң оларды ерулікке шақырып, жергілікті халықпен сіңісіп кетуіне бар жағдайды жасады. 5 балалы Раджан мен Амина Ушуровтар қазақ халқының дархан көңілінің арқасында, әрі өздерінің ашық-жарқын мінездерімен, еңбекқорлықтарымен жаңа орынға тез үйренісіп кетті. Әкеміз Раджан аға бірден ұжымшарға жұмысқа тұрып, уақытпен санаспай күндіз-түні еңбек етті. Амина анамыз балалар тәрбиесімен айналысты. Өйткені, өмірге тағы да бірі-

нен соң бірі 6 бала келді. Осылайша біздің отбасымыз осы өңірге тамырын жая бастады. Қазір ата-анамыз о дүниелік болып кеткенімен, олардан өрбіген ұрпақ үлкен бір әулетті құрап отыр. Шынында да бүгінде Жетіген өңірінде біздің Ушуровтар әулетін білмейтіндер кемде-кем деп айтсам, қателеспеймін. Кезінде осы өлкеге тамырын тереңге жайып, алып бәйтерекке айналған марқұм әкеміз Ушуров Раджанның қара шаңырағынан өсіп-өнген 10 баладан тараған ұрпақтар үлкен бір әулетті құрайды. Әулет болғанда қандай! Ырысы тасыған, ынтымағы жарасқан көп ұлтты әулет! Біздің әулетімізде дунған. қазақ, орыс, ұйғыр, украин, молдован, қырғыз, азербайжан ұлттары бар. Олардың барлығы дерлік Жетіген ауылында әр салада еңбек етіп, округтің, ауданның экономикасы мен әлеуметіне өз үлестерін қосуда. Ең үлкен бауырым Бакир мен оның зайыбы Роза о дүниелік болып кетті. Олардың артында қалған балаларына Ушуровтар әулеті қамқорлықтарын аяған емес. Ал, екінші бауырым Хаким әкесінің жолын жалғастырып, механик мамандығы бойынша «Рассвет» ұжымшарында ұзақ жыл еңбек етті. Қазір өзінің жеке техникалық қызмет көрсету станциясы бар. Хакимның жұбайы ұйғыр қызы Рашидам Сайдалиевна саналы ғұмырын медицина саласына арнады. Бүгінде зейнет жасында болса да Жетіген ауылдық округінің қоғамдық жұмыстарына



белсене араласады. Ол осы округтағы аналар кеңесінің төрайымы. Іле ауданы бойынша ұйғыр этно-мәдени орталығының төрайымы. Олардың ұлдары Рустамның жұбайы Евгения орыс ұлтынан болса, қыздары Асиямның жолдасы Фархат-ұйғыр. Осы отбасының үшінші ұлы Харли Раджапович мал шаруашылығымен айналысады. Өзінің жеке кәсібі бар. Жолдасы Мария Мадихуановна қоғамдық тамақтандыру саласында еңбек етеді. Харли мен Марияның қызы Аминаның жолдасы Фуркат ұйғыр болса, ұлдары Камилдің жұбайы Нәзгүл-қазақ қызы. Ата-анамыздың төртінші ұлы марқұм Рамазан Раджапович ұзақ жыл жүргізуші болып еңбек еткен еді. Оның жұбайы Оразхан Нүсіпжанқызы-педагогика саласының тәжірибелі маманы. Олардың ұлдары Нұрланның жұбайы Лариса-молдован қызы. Екінші ұлдары Нұрсұлтанның жұбайы Жанель-қазақ қызы. Мен ата-анамның ұлдардан

кейінгі үлкен қызымын. Көп балалы анамын. «Мир» ауыл әйелдері қоғамдық бірлестігін басқарамын. Қыздарым Шура, София, Халиманың жолдастары Таубек, Талғат, Ерлан атты қазақтың азаматтары. Тағы бір қызым Салиманың жолдасы Арслан азербайжан ұлтынан. Сіңілім Халиманың жолдасы марқұм Илиз ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен еді. Қазір оның кәсібін Халима жалғастырып жатыр. Халиманың ұлы Шамильдің жолдасы Жамалхан қазақ болса, қызы Жаннаның жолдасы Қанат-қазақ, Фатимасының жұбайы Мақсат-қырғыз. Көлік мектебінде нұсқаушы-жүргізуші болып еңбек ететін інім Хасан Раджаповичтің жұбайы Айнаш Садыққызының ұлты-қазақ. Олардың ауылшаруашылығы саласында жеке кәсіпкерлікпен айналысатын ұлдары Закирдің әйелі Салма-дунған. Тағы бір інім Хусаин Раджаповичтің жұбайы Сейденова Раушан-қазақ қызы. Мұхамед деген ұлының жұбайы Әсем қазақ ұлтынан. Екінші сіңілім Ушурова Роза Раджаповна-жоғары білімді маман. Ұзақ жыл қоғамдық тамақтандыру саласында еңбек етіп, қазір халыққа қызмет көрсету бағытында кәсіпкер. Розаның жолдасы Жексембеков Ергали Басарбайұлы да-жеке кәсіпкер. Ол-қазақтың жігіті. Сонымен бірге Роза мен Ергалидың Хамит деген ұлының әйелі Әйгерім қазақ болса, қыздары Рамиланың зайыбы Махмұт-дунған. Үйдің кенжесі Құрбан Раджапович жолдасы Бақытгүл екеуі саудамен айналысады. Жеке кәсіптері бар. Бақытгүлдің ұлты-қазақ.

Осынышама ұлт өкілдерінен құралған Ушуровтар жақсылық

болса да, қиындық кездесе де бір жерден табылады. Жақсылыққа қалай шаттана білсек, жұдырықтай жұмылып қиындықты да, кездескен қасіретті де бірге жеңіп шығамыз. Ұлтқа бөліну, дінді алалау деген мұнда жоқ. Бұл әулетте мұсылман және христиан дінінің өкілдері болғандықтан олар дінге ерекше құрметпен қарайды. Жалпы, кез келген діннің адамзаттық құндылықтарды, этика, эстетика, ғылымның іргетасын құрауы адамдардың өзара түсінісуіне байланысты екендігі әлдеқашан дәлелденген. Ушуровтар әулетіндегі түрлі ұлт пен дін арасындағы татулық өзара түсіністікке, сыйластыққа негізделген. Олар әулеттің әрбір мүшесіне ұлт тұрғысынан емес, бірінші кезекте адам ретінде қарап, қарым-қатынас жасайды. Сондықтан да діни мейрамдарды барлығы бірге атап өтеді. .

«Отбасы-шағын мемлекет» деп жатамыз. Адам өмірінің ең бастауы да- отбасы. Бірнеше отбасы тұтас бір әулетті құрайды. Бастапқыда ата-анамыз бір отбасы болып, одан 11 бала өз алдына шыңырақ құрып, ұрпақтарын өрбітті. Бүгінде марқұм Раджап пен Аминаның 11 баласынан 40 немере, 59 шөбере тарап, үлкен бір әулетті құрап отыр. Бір кездері сонау Қытайдан Қазақстанға көшіп келіп, Жетіген өңіріне орнығып, тамырын тереңге жайып, жапырағын жайқалтқан Раджап пен Амина Ушуровтардың отбасы қазақтардың арқасында тәуелсіз еліміздің мықты бір уығы болды деп мақтанышпен айта аламын. Біздің әулеттің бірлігінің бекем, татулығының мықты болуы Қазақстан Республикаының тәуелсіздігінің тұғырлы болуының арқасы деп білемін.

Фатима АРСМАЗЫ,
Алатау қаласындағы «Мир»
қоғамдық бірлестігінің
төрайымы.

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ЧЕМПИОН

БАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Үкілі тәрбие беріп, мықты білімге ұмтылып, өз отбасын үнемі алға сүйрейтін жанұяның бірі – Масимов Маликжанның әулеті. Осы отбасында әке – шешеден үлгі алып, әлемге Қазақстанның туын желбіреткен Рамиль – Маликжанның ұлы.

Рамильді біз бала кезінен білеміз. Алматыға арман қуып кеткенге дейін Шонжыдағы спорт мектебінде оқыды. Жоғары оқу орнын бітірген соң қызмет істей жүріп өзі жас кезінен шұғылданған спорттан қол үзген емес.

Әлем чемпионатына өзінің қалаған спорт түріне қатысып, әлем чемпионы атанды. Әлемдік аренаға шығу – өте қиын іс. Жаттықтырушысының айтуынша отбасын асырау үшін үш жерде жұмыс істей жүріп ешқашан жаттығуды тастаған емес. Әлеуметтік желіден күнде жарыстың өту жолын көріп отырдым. Күнде ана, әже ретінде дұға тілеп жүрдім. Тілек орындалды.

баламыздың жеңісіне аудан халқы қатты қуанды, ата – әжелер өз ризашылығын білдірді. Әлем чемпионын қарсы алу, құрмет көрсету – біздің міндет. Спортпен айналысу, зиянды әрекеттерден аулақ болу үшін жас ұрпаққа үлгі болатын чемпиондарды кез келген уақытта үлгі, мысал ретінде көпке көрсету-аға ұрпақтың міндеті. Өз кезегінде ұйымдастыру жұмысы құрылды. Жұмысқа басшылықты алға қолға алған республикалық ұйғыр этно мәдениеті орталығынан келген Рустам Гаитов бауырымыз істі нәтижелі соңына жеткізді. Ағайынды Фархат, Алик Ашимовтар өте қайырымды жандар. Барлық ел – жұрт әлем чемпионын қарсы



Көшеде босқа сенделіп, зиянды әрекеттерді бойына сіңіріп алған жастарға Рамиль сияқты балаларымыз үлгі бола алады. Менің екі немерем де спортқа жақын. Екеуі де футболды жақсы көреді. Себебі әкесі Ұлан да футболды жақсы ойнайтын. «Әкеге қарап ұл өсер» деген-осы.

Кез келген бала тәрбиені отбасынан алады. Рамильдің әкесі Маликжан- ауданға әйгілі, беделді азаматтың бірі. Анасы - өте қарапайым жан. Жамандық көрсе, жасымаған, жақсылық көрсе тасымаған жан. Мен бұл отбасын өте қатты құрметтеймін, сыйлаймын.

Чемпион баламызға ат мінгізіп, қаржы беріп қошемет көрсету жоғары деңгейде өтті. Ауданнан осындай чемпион шығып, еліміздің туын көкке көтергеніне қатты қуандым. Ел арасында «олимпиада чемпионы емес, не үшін мұндай қошемет көрсету керек емес» деген сөз болды, сөзді ысырып қойдык. «Генерал болуды армандамаған солдат, емес» деген көнеден қалған сөз бар. Рамильдің болашағы алда. Біз болашақ ұрпақты осындай үлгілі балалар арқылы тәрбиелеуіміз керек.

Рая САРТӨЛОВА,
Алматы облысы бойынша
«Асыл ана» қоғамдық
ұйымының кеңес мүшесі.



«Баласы атқа шапса, анасы тақымын қысып отырады» деген қазаққа ұлы сөз бар. Бүкіл ел – жұрт тағатсыздана күткен жеңіс қолға түсті. Маған ерекше жігер бергені-мұхит асып барып жеңіске жетіп, қазағымның көк туын көкке көтергені, гимнді әулеткені. Баланың қуанышына қуанып, көзіме жас келді.

«Өз ағасын ағаламаған, кісі ағасын жағалай алмайды» дегендей,

алу үшін барын салды. Ел Президенті Қ.Тоқаев жақында халыққа жолдаған Жолдауында спортқа көңіл бөлу керектігін ерекше атады: «Баршанызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға баса мән беремін. Аймақтарда спорт нысандары бой көтеріп жатыр. Үйірмелер балаларға қолжетімді бола бастады».

Елбасы спортты қолдап жатқанда біз қарап отырмауымыз керек.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қарияларға көңіл бөліп, оларға қамқорлық көрсету тек мерекелік күндерде ғана емес, күнделікті міндет екендігін «Қапшағай аймағы газ жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Батыр Абдримов пен директорының орынбасары Ержан Байболатов өздерінің жарқын ісімен айқындап берді.

ЖЫЛЫ СӨЗДІҢ ӨЗІ - СЫЙЛЫҚ



Олар Қонаев қаласының алғашқы құрылысшылары болып жұмыс істеген және егемен еліміздің тарихи бастауында тұрып, қаламыздың дамып, өркендеуіне өздерінің күш-жігерлерін жұмсаған Клара Вагнер, Анна Чернышова, Бақыт Тілеуғабылұлы, Жұмағали Толымбеков, Людмила Андреева сынды ардагерлерді Қонаев қалалық ардагерлер ұйымына арнайы келіп, өздерінің сый-сияпатын беріп, жүрек-жарды тілектерін білдірді.

«Бүгінгі қоғам жол көрсетіп, жөн сілтейтін ұлттық тәрбиенің негізі болған еңбек ардагерлерімен құнды. Олар іске деген адалдықтың, шыдамдылық пен сенімділіктің жарқын үлгісі бола білді. Қарияларға шынайы ықыласпен күліп берген сәлемнің өзі сыйлық дейді. Аға буын өкілдеріне көрсетіп жатқан құрметтеріңіз үшін риза-

шылығымды білдіремін,» – деді Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев.

«Сіздердің жүріп өткен жолдарыңыз біздерге қашанда үлгі-өнеге. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі жемісі-аға буынның адал еңбегінің нәтижесі. Өздеріңіз салған жолды жалғастырып келе жатқан біздерге адалдықтарыңызды нәсіп етсін, – деді «Қапшағай аймағы газ жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Батыр Абдримов шын көңілден сый-сияпатын ұсына тұрып.

Елдің амандығына әрдайым тілекші, жақсылық істерге ниеттес болып жүрген ардагерлер құрмет көрсеткен азаматтарға алғыстарын айтып, ақ баталарын берді. .

Өз тілшіміз,
Қонаев қаласы

Тәуелсіздік пен бірліктің даму жолында

25 қазан-еліміздің тарихындағы ерекше күн. Аталған мереке – тәуелсіздігін алған, нық әрі тұрақты даму жолына түскен жаңа мемлекеттің дүниеге келгенін білдіретін маңызды дата. 1990 жылы қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация халқымыздың жаңа дәуірге қадам басқанын айқындаған тарихи белес болды.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан жас республикадан Орталық Азиядағы беделді әрі халықаралық деңгейде мойындалған мемлекетке айналды. Елде тұрақты саяси жүйе қалыптасты, экономика нығайды, мемлекеттік басқару жүйесі жетілдірілді. Қазақстан жаһандық процестердің белсенді қатысушысына айналып, ондаған мемлекетпен сенімді серіктестік орнатты. Сонымен қатар экономика, әлеуметтік сала және басқару бағыттарында кең ауқымды реформалар сәтті жүзеге асырылып келеді.

Негізгі жетістіктер қатарында тұрақты экономикалық өсім мен инвестиция тарту, ауқымды реформалардың тиімді жүзеге асуы, ұлтаралық келісім мен төзімділік қағидадарының нығаюы, көлік және энергетикалық инфрақұрылымның дамуы мен Қазақстанның бейбітшілік пен сенімді серіктестік алаңы ретіндегі беделінің артуы бар.

Соңғы жылдары еліміздің дамуындағы айрықша жобалардың бірі – жаңа қала Алатаудың құрылуы. Бұл жоба – тек әкімшілік бастама емес, заманауи, жайлы әрі инновациялық қалалық кеңістік қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам.

Алатау-инвестициялар, жаңа технологиялар, ғылым, білім және мәдениет тоғысқан жаңа орталық ретінде дамуда. Ол заманауи урбанистика мен экологиялық тұрақтылықтың үйлесім тапқан үлгісіне айналмақ.

Қала құрылысымен байланысты үлкен үміттер артылуда. Атап айтқанда, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлікті дамыту, жастарды, мамандар мен инвесторларды тарту, «ақылды қала» технологияларын енгізу, әлеуметтік және көлік инфрақұрылымын дамыту, аймақтың экономикалық және мәдени орталық ретіндегі рөлін арттыру болып табылады.

Алатау – Қазақстанның жаңару мен биік белестерге ұмтылысының жарқын символы. Бұл жерде этносаралық келісім мен қоғамдық бірлікті нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Қалада бүгінде 58 этнос өкілі тұрады және олардың әрқайсысы өңір мен елдің дамуына өз үлесін қосуда.

Мемлекеттік мерекелер қарсаңында халықтар достығын нығайтуға бағытталған мәдени іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Мәселен, Конституцияның 30 жылдығына орай азербайжан, күрд және түрік этностарының мәдениет күні ұйымдастырылды. Бұл шара тек мерекелік оқиға ғана емес, мәдени интеграция мен өзара түсіністіктің жарқын көрінісі болды.

Осы игі дәстүрдің жалғасы ретінде Республика күніне орай славян мәдениеті күні өткізілді. Іс-шара барысында славян халықтарының әндері, билері, ұлттық тағамдары мен дәстүрлері ұсынылды. Бұл мереке еліміздегі мәдени әралуандық – қоғам бірлігінің негізі екенін тағы бір мәрте айқындады.

Алатаудың бай этникалық құрамы болашақта халықтар достығын одан әрі нығайтуға, жаңа әлеуметтік-мәдени бастамаларды жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстан – тәуелсіздік, ашықтық және әділдік қағидадарына сүйеніп, қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Елде цифрландыру, экономиканы жаңғырту және халық өмір сапасын арттыру бағытындағы маңызды бағдарламалар жүзеге асуда.

Мемлекет жастарды қолдауға, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамытуға, инновациялық технологияларды енгізуге айрықша мән береді. Сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайту, азаматтардың шешім қабылдау үдерістеріне қатысу мүмкіндігін кеңейту бағытында нақты шаралар қабылдануда.

Қазақстанның болашағы – егемендікті одан әрі нығайту, тұрақты экономикалық даму және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілікті арттырумен тығыз байланысты. Бұл үдерісте Алатау сияқты жаңа қалалар – өсу, инновация және мәдени өзара байланыс орталықтары ретінде маңызды рөл атқарады.

Республика күні – бұл тек мемлекеттік жетістіктер мерекесі ғана емес, барша қазақстандықтарды біріктіретін ортақ мереке. Бұл – әр азаматтың өз еліне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арта түсетін күн.

Қазақстанның жолы – бейбітшілік, келісім және жасампаздық жолы. Халқымыздың бірлігі, мақсаткерлігі және ортақ болашаққа деген сенімі еліміздің тұрақты дамуының басты кепілі болып қала береді.

Риза САУЫРБАЕВА,
Алатау қаласы қоғамдық кеңесінің төрайымы.

егемендік тек қағаздағы ұғым емес, ол – күнделікті еңбектен, ұлттық сана мен рухтың биіктігінен көрінетін қасиетті құндылық.

Бүгінгі Қазақстан-дамыған, бейбіт, әлемдік қоғамдастықта өз орнын алған мемлекет. Бұл-егемендік жылдарының ең үлкен жетістігі.

Республика күні бізге осы табыстардың бәрі оңай келмегенін еске салады. Бабалар аңсаған азаттықтың қадырын білу-әрбір қазақстандықтың парызы. Ел болашағы ұлттың бірлігінде, жастардың білімінде, адал еңбегінде жатыр.

Сондықтан Республика күні-өткеннің сабағын, бүгіннің жетістігін және келешектің үмітін тоғыстыратын мереке.

Республика күні – елдіктің бастауы, еркіндіктің айғағы, болашаққа деген сенімнің нышаны.

Дархан ЕРБОСЫНОВ,
ардагер ұстаз.
Қараой ауылы. Балқаш ауданы.



ҮЛГІ ТҰТАР ІС БОЛДЫ

Қарасай ауданы Шамалған елді мекеніндегі «Атамекен» музей үйінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Алматы облысы өкілдігі тапсырмасымен «Ислам және отбасы құндылығы» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

Президентіміз Қ-Ж.Тоқаев премьер-министр, мемлекет басшылығы өкілдері, облыс әкімдері, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің қатысуымен өткен кездесуде дін мәселесіне байланысты тапсырма берген болатын. Ел басшысы ол кездесуде былай деді:

– Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскекен ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде бұл-өте маңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айрылып қалуымыз мүмкін. Әкімдерге құзырлы органдармен бірлесіп дін саласындағы жұмысты жандандыруды тапсырамын.

Жамбыл, Іргелі, Шамалғаннан келген ақсақалдар мен ақ жаулықты аналардың басын қосып, сөз бастаған Қарасай аудандық «Түркістан-1» мешітінің наиб имамы Марат Әмірұлы тақырыппен таныстырып, «Имам Ағзам Ханифи» мешітінің имамы Данияр Жұмабековке сөз кезегін берді. Ол құран аяттарынан дәлелдер келтіре отырып, ер адамның мен әйел адамдардың міндеттері мен ата-бабаларымыздың отбасы тәрбиесінің әдістерін нақты мысалдармен айтты.

Іргелі ауылдық округінен келген тоқсан жастағы Бақтыгерей қария мен сексен жастағы батағөй ақсақал Қалиахмет өз кезегінде өмірден көрген-түйгендерін ортаға салды.

Дана казакта «Өмірің түзелгенін қаласаң, Алламен байланысыңды түзе» деген аталы сөзін әркез есте сақтап, отбасы құндылығын арттырайық деген түйінмен жиын соңы Қалиахмет ақсақалдың ақ батасымен аяқталды.

Тәжімұрат ПАЗЫЛ,
Іргелі елді мекені ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.

Егеменді елдің жаңа дәуірі

25-ші қазан-Қазақстанның тарихындағы ерекше белес. Бұл күн-халқымыздың ғасырлар бойғы арманын айқындап, ел болашағының бағытын белгілеген Республика күні.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны» қабылдады. Бұл – тәуелсіздікке қарай жасалған алғашқы тарихи қадам, азаттықтың бастауы болды. Сол күні қазақ елі өзінің жеріне, тіліне, тағдырына өз ие болуға ұмтылғанын бүкіл әлемге паш етті.

Республика күні-тек өткенді еске алу ғана емес, ол-елдік рухты дәріптейтін, азаматтық жауапкершілікті арттыратын мереке. Өйткені

Қарқара жері-қасиетті, кең жайлауы қастерлі төріміз. Қарасан, көзің тоймайтын әсем табиғаты, жал-жал болып өскен қарағайы, бал татыған мың бұлағы, тарихы тереңде жатқан, атағы жер жарған өлке. Мүйізі қарағайдай жазушылар мен ақындардың өлең жырларына арқау болған жер жаннаты.

Осындай өлкеде туып өскен намысты, парасатты, еңбекқор азаматтардың дүниеге келуі-занды құбылыс. Аға ұрпақ өкілдерінен үлгі алып өскен аспантау елінің азаматы, ғибратты өмір иесі, білікті ұстаз, тәлімгер, қайырымды бауыр, отағасы, ардақты әке, мейірімді ата Саркеев Бақыт Тоқайұлы 70 жасқа толды.

Әкесі Саркеев Тоқай Қарқара ауылында еңбекқорлығымен, адамгершілігімен танылған азамат еді. Он баланың әкесі таңның атысы кештің батысына дейін совхоздың қысы-жазы бітпейтін шаруасында жүріп, озаттар қатарынан көрінген болатын. Талай марапаттардың иесі болған.

Бақыт-кішкентайынан әжесі Әбзелдің бауырында өскен бала. Екі жасқа толған кезінде бес жасар әпкесі Сағыныш екеуінің аналары Нұрғайша қайтыс болып, екеуі әжелерінің қамқорлығында қалады. Сол қаралы күннен бастап Әбзел апамыздың жаны қаршадай балалардың үстінде болып, оларға бар мейірімін төгеді. Аналарының жоқтығын білдірмей, кең құшағына орап өсіреді. Өсе келе оларға ақылын айтып, жақсы тәрбие бере бастайды. Бүгінде екеуінің бойында қандай да бір жақсы қасиеттер бар болса соның бәрі Әбзел әжесінен берілгені анық. Осындай қиын-қыстау кезінде апамызға үлкен келіні Нұрипа да көмегін беріп, екі баланың жағдайын жасап, апамыздың көңілінен шығуға тырысады.

Кейін Тоқай екінші рет үйленіп, анасының қолын ұзартады. Орал атты жары да жақсы жан болып кездесіп, қарашаңырақты шаттыққа бөлеп, 7-8 баланы өмірге әкеледі. Сөйтіп Сағыныш пен Бақыттың артынан ұлдар мен қыздар ілесіп, бәрі бірге өседі. Бірақ Бақыт кейін өсе келе бір аулада қатар отыратын екі үйге ортақ бала болып, әкесінің ағасы Ысқақ аға мен Нұрипа тәтеге жақын жүреді. Кейінгі аналары Орал апай Тоқай әкесі қайтыс болған соң қара шаңырақтың отын өшірмей, туған- туыс, құда-жекжаттарымен сыйласып, ұрпақтары-

ның жақсылығын көріп, өмір сүріп келеді. Әкесінің ағасы Ысқақ Саркеев те совхозда мал дәрігері болып қызмет атқарды. Өз міндетін адал, жауапкершілікпен атқарып, құрметке ие болған азамат еді. Жұбайы Нұрипа апай өздеріне тән болып өскен Бақытқа деген көңілі ерекше еді.

Ұл-қыздары да осы екі әкелерінен үлгі алып, үйдің де, түздің шаруашысына бейім, еңбекқор, әр істің жәйін білетін болып өскен. Қыс пен көктем айларында малшы мен сауыншыларға көмекке барса, жазда мал азығын дайындауға, күзде картоп жинауға көмектесіп, кешкісін қырманда еңбек ететін. Ауыл жастарымен бірге ерінбей, жалықпай еңбек етіп, ел дәулетін арттыруға үлес қосатын.

Солардың бел ортасында Бақыт Тоқайұлы да жүрді. Ол мектеп бітірген соң екі жыл әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келді. Арманы жетелеп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіріп, тарих пәні мұғалімі деген дипломын алған соң Кеген ауданына келіп қызметке тұрды. Кеген мектебінде 11 жыл істеген уақытында мол тәжірибе жинақтап, басқарудың әдіс- тәсілін үйреніп, ширай түсті. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, оқушыларға әскери-патриоттық беру ісінде оң нәтижелерге қол жеткізді. Ауданда өткізілетін түрлі байқауларға, тәрбиелік маңызы зор шаралардың жоғарғы дәрежеде өтуіне ат салысып жүрген ұстазға деген сенім арта түсті. Саркеев Бақыт Тоқайұлы 1989 жылы коммунистік партия мүшелігіне қабылданды. Ал, 1990 жылы өзі оқып бітірген Қарқара орта мектебіне директор болып тағайындалды. Жауапкершілігі мол жұмысты алып кетуіне мектеп ұжымы қолдау көрсетті.

Жалпы ұстаз болу арманына Алматы қаласындағы 4-ші мектеп интернатта 5-ші сыныпта оқып жүргенде мектеп директоры Нұрғазина Рафика Бекенқызы себепші болған екен. Директордың кеудесінде жарқыраған



Социалистік Еңбек Ері белгісі, ол кісінің сабақ беру тәсілі, оқушының жандуниесін түсініп, білім алуға баули білуі жасөспірім Бақыттың санасына мықтап бекіген еді. Үш жыл бойы сол мектепте оқыған кезі болашағын айқындай түскен-ді. Ұстаздық жолында аянбай еңбек етіп, білім берген оқушыларының сенімді ұстазы, ақылшысы, жөн сілтеушісі, сырласы бола білген Бақыт Тоқайұлын шәкірттері кездескенде жылы шырай танытып, құрмет көрсетіп жатуын еңбегінің бос кетпегені деуге болады.

Отбасылық жағдайына байланысты, өмірлік жары, қолдаушысы, отбасының ұйытқысы Гүлнұр мен ұлы Максат, қыздары Әйгерім, Айнұрды бастап 1995 жылы Алматыға қоныс аударған.Тәжірибелі ұстаз Мұқағали Мақатаев атындағы мектеп- гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып орыналасады. 2000-2005 жылдары аралығында Халық шаруашылығы ішінен ашылған экономикалық колледжінде, 2006-2011 жылдары Алматы энергетика колледжінде мұғалім болып жемісті еңбек етті. Ал 2012 жылы өзі қалаған мамандығы алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып, осы уақытқа дейін Алматы қаласындағы “ Жаңа ғасыр” орта мектебінде еңбек етіп келеді. Жасөспірімдерді Отаны-

ның сүюге, өз елінің патриоты болуға баулыды. Намысты қолдан бермей әскерге, Қарулы күштерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Бақыт Тоқайұлы әр оқушыны қабілетіне қарай бағалап, олардың жандуниесіне үніліп, өз білгенін шыдамдылықпен үйрете біледі. Оқушылардың алдарына мақсат қойып, батылдыққа, өз бетімен шешім қабылдай білуге үйретуді басты назарға қойған. Оқушылар әрдайым жаттығу жасап, дене шынықтыру мәселеріне көңіл бөлгендікте, олар түрлі жарыстарда жеңімпаз болып жатады.

Табанды да қажырлы 50 жылдық еңбегі лайықты бағаланып, ол «С.Нұрмағанбетов», «Т.Бигельдинов», «Б.Момышұлы» атындағы медальдармен марапатталған.

Өз мамандығын жетік меңгерген тарих пәнінің мұғалімі 5 сыныпқа арналған «Ежелгі дүние тарихы» әдістемелік оқулығының авторы. Бұл-үлкен еңбек, мақтануға болатын оңды іс. Ізденімпаздық пен еңбекқорлықтың нәтижесі. Өз мамандығына адалдық. «Ұстаз – болашаққа қызмет етеді» деген қағида міне, осындай еңбектен көрінеді.

9 Мамыр - Жеңіс күніне орай мектепте әскери ойындар, шерулер, сынып сағаттары, соғыс ардагерлерімен

кездесулер, ескерткіштерге гүл шоқтарын қою сияқты шараларды жоғары дәрежеде, жас ұрпақтарды патриоттық рухта тәрбиелеуге үндейтіндей етіп өткізуге аса зор мән беріліп өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім министрі Ғани Бейсембайұлының 2023 жылы жолдаған алғыс хаты жанкешті, адал еңбегінің айқын көрінісі деп білуге болады. Бақыттың білім беру саласында ұрпақ тәрбиесінде жеткен жетістері үшін алған алғыс хаттары мен грамоталары біршама.

Оның тірегі де, қамқоршысы, сырласы да-жары Гүлнұр Жолтайқызы. Екеуі 1977 жылы үйленіп, жарты ғасырға жуық бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Гүлнұр – Кеген ауылындағы дәріханада біраз жыл еңбек етіп, халықтың ризашылығына бөленген маман.

Бақыттың қызмет істеуіне барлық жағдайын жасап, ұл-қыздарын өсіріп, ағайын-туысқа да қарайласып жүрген келінге қайын жұрты мен жүрген ортасы әрқашан ризашылықтарын білдіріп жатады. Екеуі ұл-қыздарын оқытып, жоғарғы білім алуларына ықпал етіп, қамқорлық жасады. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, құда жекжатты болды. Өрістері кеңейді. Құда-құдағилары – Мұрат пен Бағлан, Болатбек пен Қарлығаш, Тұрғанбек және Гүлсіммен араласып, сыйласып өмір сүріп келеді. Немерелері Нұрлыбек, Нұрай, Аңсар, жиендері Алуа, Алия, Анара, Бекзат, Толғанай, Альмира, Әдемі, Аделина – өмірлерінің сәні де мәніне айналған көз қуаныштары.

Бақыт Тоқайұлының еңбек жолы-жастар үшін үлгі өнеге. Сабырлы, салмақты қалпымен, нағыз педагогқа тән әдіс-тәсілмен мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, жарқын болашақтарына жол ашып берді. Көптеген шәкірттері әскери қызметті таңдап, армандарына қол жеткізді. Бүгінде ұстаздарына алғысын айтып хаттарын жолдап тұрады.

Тұрсынқұл МҰҚАНҚЫЗЫ,
Райымбек, Кеген аудандарының Құрметті азаматы.

● ТУРНИР

АБАЙДЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛДЫ

Таяуда Алатау қаласы әкімдігінің бастамасымен «Жанаталап» ықшам ауданындағы №10-шы орта мектепте ұлы ақынның мерейтойына байланысты FJDE рейтингін есептейтін шахмат жарысы болып өтті. Бұл жарысқа облыстың қалаларынан, аудандарынан және қырғыз елінен барлығы әралуан жастағы 122 шахматшы қатынасты. Тартысқа толы бәсекені тамашалаған халық қарасы да көп болды.

Швейцар жүйесімен өткен 9 турлық жарыстың қортындысында жүлделі бірінші орынды Алматы қаласынан келген Айнақұл Мұхтар, екінші, үшінші орындарды ілелік Айдынұлы Тайыр мен Мұратұлы Мағжандар иеленді. Сондай-ақ, жүлделі орындардан қарасайлық Кабылбек Даниял, талғарлық Меліс Дінмұхамед, Қырғызстаннан Лесбаева Әсел, алматылық Амангелдіұлы Мәдилер құралақан қалмады. Олар өздерін қандай бәсекеге болсын дайын екендіктерін көрсетті.

Шахматтағы шайқас барысында 65 жастан асқан ардагерлер де өздерінің өмірлік тәжірибелерін ортаға салды. Олардың арасынан да суырылып алға шыққан, шеберліктері толысқан ойыншылар да аз болмады. Жарыстың нәтижесінде бірінші орынды қарасайлық Тұрғали Жолдасов, екінші орынды талғарлық Ахат Солтанқұлов, үшінші



орынды қарасайлық Кенжебек Ермекбаевтар иеленсе, әйелдер арасынан бірінші орынды қарасайлық Мариям Нұрымова, екінші орынды Алатау қаласынан Инжугүл Ахметовалар жеңіп алды. Әйелдер арасында қатарынан озатындар баршылық екен.

Осынау жарыста таудай талабымен көрінген 8 жастағы балғындар да баршылық болып шықты. Мәселен, қарасайлық Әлісұлтан Қылыбек, Нұртуған Қылышев, талғарлық Дәрменияр Дәулет, Мәдина Қадыр, алатаулық Кәрік Аманғали, ілелік Құсайын Дадабаев, еңбекшіқазақтық Дәулет Нұрболатовтар келешегінен үлкен үміт күттіретін ойыншылар екенін көрсетті. Оларға Абай аталарының «Қара сөздер» кітабы сыйға берілді.

– Мен шахмат жарысында бастан-аяқ

болдым. Басқа жарыстарға қарағанда бұл жарыс маған өзіндік өзгешелігімен әсер қалдырды. Жиналған жұртшылық Алатау қаласының әкімдігіне, Алатау қаласының шахматтан бас бапкері, Ауған соғысының ардагері Қармағаш Сейітов пен мектеп ұжымына айырықша алғыстарын білдірді, – дейді шахматтан спорт шебері әрі белсенді ұйымдастырушы, қарасайлық Абдолла Адимұратов.

Аталған шахмат жарысына Қарасай ауданының Шамалған ауылындағы кәсіпкері Рахат Алпысбаев ақшалай демеушілік жасап, шахматшылардың ризашылығына бөленді.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист,
Алатау қаласы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Коммуналдық мақсаттағы нысандарға қойылатын санитарлық талаптар!

Қала тұрғындарының денсаулығын қорғау мен өмір сүру сапасын арттыруда коммуналдық мақсаттағы нысандардың санитарлық жағдайы ерекше маңызға ие. Бұл нысандарға тұрғын үйлерге қызмет көрсететін кәсіпорындар, қоқыс шығару мекемелері, сумен және жылумен қамтамасыз ету ұйымдары, моншалар, кір жуатын орындар, шаштараздар мен басқа да тұрмыстық қызмет көрсету объектілері жатады.

Мұндай нысандарда санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – әр мекеменің басты міндеті. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық қағидаларына сәйкес, коммуналдық ұйымдарда тазалық сақтау, дезинфекция, дезинсекция және дератизация жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу қажет.

Жұмыс орындары мен жабдықтардың санитариялық күйі талапқа сай болуы тиіс. Қызметкерлер жеке гигиена ережелерін қатаң сақтап, арнайы киіммен қамтамасыз етіледі. Әр нысанда өндірістік бақылау бағдарламасы бекітіліп, санитариялық журнал жүргізілуі міндетті.

Коммуналдық нысандардың санитарлық жағдайына мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдары тұрақты түрде тексеру жүргізеді. Талаптардың орындалмауы тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіріп қана қоймай, айыппұл және әкімшілік шаралар қолдануға әкеледі.

Сондықтан коммуналдық қызмет көрсету саласындағы әрбір кәсіпорын тазалық пен қауіпсіздікті сақтау мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Санитарлық талаптарды орындау – тек заң талабы емес, халықтың саулығы мен өмір сапасының кепілі.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

● СПОРТ

Недавно в селе Жанаталап, бывшего Илийского района, а ныне относящегося к новому городу Алатау, прошло интересное спортивное событие. В здешней средней школе № 10 состоялся открытый шахматный турнир, посвященный 180 - летию знаменитого казахского философа и поэта Абая Кунанбаева. Его организатор – руководитель шахматного клуба «Дебют», старший тренер по городу Алатау, главный судья турнира, а также ветеран Афганской войны Карлыгаш Сеитов, при поддержке «Центра развития культуры и спорта города Алатау и Алматинского областного филиала Kazcness.

И СТАР, И МАЛ

Турнир в честь великого казахского философа прошел в городе Алатау



гаш Сеитов. Были вручены удостоверения шахматистам получившим разряды.

Несколько слов о составе команд. На данный турнир, имеющий статус открытого, рейтингового приехал очень много участников со всей области, причем в разной возрастной категории. Как говорится, и стар, и млад. Впервые прибыла многочисленная молодая команда из Талгарского района, были даже представители соседнего Кыргызстана. Всего зарегистрировалось более 120 игроков.

Игры прошли по номинациям. Итоги следующие: 1 место - Айнакул Мухтар (Алматы); 2 место - Айдын улы Таир (Илийский район); 3 место - Марат улы Мағжан (Илийский район); 4 место – Динмұхамед Тал; 5 место – Кабылбек Даниял (Карасайский район); 6 место – Лесбаева Асел (Кыргызстан); 7 место - Аманжол улы Мади (Алматы).

Все призы награждены Кубками, медалями, грамотами. Участники занявшие 7 первых мест поощрены денежными призами из призового фонда в общей сумме 180 тысяч тенге (по году со дня рождения Абая Кунанбаева).

Среди номинации «65+ Мужчины». 1 место занял - Жолдасов Турғали (Карасайский район); 2 место - Султанкулов Ахат (г.Талгар); 3 место - Ермекбаев Кенжебек (Карасайский район) В номинации «65+ Женщины» 1 место - Нурышева Мариямгул; 2 место - Ахметова Инжугул (Алатау).

Также были отмечены юные шахматисты среди мальчиков и девочек в возрасте от 8 до 18 лет. Все были награждены почетными грамотами, а лучшим игрокам по возрастным категориям вручили книги «Қара сөз» Абая Кунанбаева.

Как отметил Карлыгаш Сейтов в целом турнир прошел на высоком организационном уровне и, пользуясь случаем, отметил содействие руководства средней школы № 10 города Алатау, лично директора Нурғизу Ағманову, а также спонсора турнира, шахматиста со стажем Рахата Алпысбаева.

Для большей объективности, мы попросили высказать свое мнение одного из гостей турнира – Шихамеда Магамедова из села Панфилова (бывший Табаксовхоз) Талгарского района.

Он руководитель шахматного

клуба «Честная игра», с большим игровым опытом, перворазрядник по шахматам. В его команде, существующей всего полтора года, 19 человек уже имеют 4 разряд по шахматам и 3 подростка имеют 3 разряд и один - первый. Это, учитывая такой короткий срок с образования клуба, очень высокие показатели. На данное соревнование в Алатау Шихамед привез 13 мальчишек и девчонок и из них 9 совсем малыши. Например, самым маленьким, Джасуру Азимову и Алдияру Жанкожа всего по 6 лет.

Без прикрас скажу, что мне турнир очень понравился, вступительная и музыкальная часть, а также церемония награждения. Кстати, в восторге от поездки были и наши дети, а это лучший индикатор. Впечатлила и сама школа. Современная, просторная и светлая. Сама организация, прием такого большого количества участников это, знаем по себе, очень большой труд и огромная ответственность. Большой респект организаторам, лично Сейтову Карлыгашу – отметил Шихамед.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Алатау

АЛАТАУ Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық
бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3400
Тапсырыс №2324
Индексі – 65472.